


Ұлттық бірыңғай тестілеуіне өтініш беру қосымшасын пайдалануға арналған нұсқаулық

Бұл қосымша ұлттық бірыңғай тестілеуіне қатысуға өтініш қабылдауы үшін әзірленген. Қосымшаны іске қосу үшін, браузердің мекен-жай енгізу жолына app.testcenter.kz мекен-жайын енгізесіз және ашылған парақшада интерфейс тілін таңдайсыз.



1-сурет. Интерфейс тілін таңдау

Тестіленуші өз ыңғайына қарай қажетті қазақ немесе орыс тілін таңдай алады (1-сурет). Тіл таңдағаннан кейін Кіру/Тіркелу парақшасы ашылады (2-сурет).



2-сурет. Кіру/Тіркелу парақшасы

Бұл парақшада Ұлттық тестілеу орталығының логотипі және интерфейс тілін ауыстыру батырмасы орналасқан. Тестіленуші өтініш беруі үшін, қосымшаға электронды мекен-жайы арқылы тіркелуі қажет.

Тіркелу

The screenshot shows the registration page of the UTO (National Testing Center). At the top, there is a header with the UTO logo on the left, the text "ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ" in the center, and a "KZ" icon on the right. Below the header, there are two tabs: "Кіру" (Login) and "Тіркелу" (Registration), with "Тіркелу" being the active tab. The registration form consists of a text input field with the placeholder text "Поштаньды жазыңыз" (Enter your email) and a blue "Тіркелу" button below it. At the bottom of the form, there is a link "Нұсқаулық" (Instructions) and a copyright notice "© УТО 2021".

3-сурет. Тіркелу әрекеті

Қосымшада тіркелуден өту үшін (3-сурет) келесі мәліметтерді енгізу қажет:

- Электронды мекен-жай (бұл мекен-жай әрі қарай қосымшаға кіру үшін логин ретінде пайдаланылатын болады).

Мәліметтер енгізілгеннен кейін «Тіркелу» батырмасын басасыз және сол поштаңызға растайтын сілтемесі бар хат жолданады (4-сурет).

The screenshot shows a confirmation email received in a browser. The header is identical to the registration page, with the UTO logo, "ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ", and "KZ" icon. The main content area has two tabs: "Кіру" (Login) and "Тіркелу" (Registration), with "Тіркелу" being active. The email body contains the email address "xironod972@iconmle.com" and the text: "Көрсетілген электронды мекен-жайға тіркелуіңізді растау үшін хат жолданды, поштаңызды тексеріңіз." Below the text, there is a link "Нұсқаулық" (Instructions) and a copyright notice "© УТО 2021".

4-сурет. Тіркелуді растау үшін электронды мекен-жайға хат жолдануы

Тестіленуші міндетті түрде поштасына келген хатты ашып батырманы басу арқылы көрсетілген сілтемеге өтуі қажет (5-сурет) және хатта келесіде жеке парақшасына кіруі үшін құпия сөзі де көрсетіледі. Хат «Кіріс» жәшігінде болмаған жағдайда, «Спам» жәшігін тексеру қажет.

Здравствуйте

При регистрации на **app.debug.testcenter.kz** был указан этот адрес электронной почты. Для завершения регистрации вам нужно подтвердить свою электронную почту.

Подтвердить электронную почту

После завершения регистрации для входа на сайт Вы можете использовать следующие данные:

- Имя пользователя: **xironod972@iconmle.com**
- Пароль: **17887597**

Если это письмо пришло к вам по ошибке, нажимать на кнопку не нужно.

5-сурет. Электронды мекен-жайга келген хат

Келген хатта «Электронды мекен-жайды растау» батырмасын басу арқылы тестіленушінің деректерін толтыру парақшасына өтесіз (6-сурет).

The screenshot shows the registration form on the website 'ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ'. The form is titled 'Жеке мәліметтеріңізді енгізуді өтінеміз'. It contains the following fields: 'ЖСН *' with the value '0000000000', 'Тегі', 'Аты', 'Әжесінің аты', and 'Байланыс телефоны' with the value '+7 (777) 777-77-77'. There is a search icon next to the JSCN field and a 'Қайтару' button at the bottom.

6-сурет. Тестіленушінің жеке мәліметін енгізу

Назар аударыңыз! Атын-жөніңізді алу үшін ЖСН-ді теріп «Іздеу» батырмасын басуыңыз қажет. Өрістерде деректеріңіз пайда болғаннан кейін, «Сақтау» батырмасын басып, «Менің парақшам» парагына өтесіз (7-сурет).

The screenshot shows the registration form after data entry. The fields are filled with: 'ЖСН *' (910701450747), 'Тегі' (НЫҒАТАЕВА), 'Аты' (ЕҢЛІК), 'Әжесінің аты' (ЖАМАНТАЙҚЫЗЫ), and 'Байланыс телефоны' (+7 (777) 777-77-77). There are search icons next to the JSCN and phone number fields. At the bottom, there are two buttons: 'Қайтару' (blue) and 'Сақтау' (green).

7-сурет. Енгізілген мәліметтің дұрыстығын растау


Назар аударыңыз! Тіркелу тек электронды мекен-жайыңыз расталғаннан кейін гана толық аяқталады.

Кіру

Қосымшаға кіру үшін тестіленуші тіркелу барысында электронды поштасына келген растау хатындағы пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізіп, «Кіру» батырмасын басуы қажет.

Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?

Тестіленуші қосымшаға кіру үшін арналған құпия сөзін ұмытқан болса, «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» батырмасын басу қажет. Ашылған парақшада (8-сурет) тестіленуші тіркелу барысында көрсеткен электронды мекен-жайды енгізіп, «Қалпына келтіру» батырмасын басады. Енгізілген электронды мекен-жайға құпия сөзді ауыстыру үшін сілтемесі бар хат жолданады. Егер хат «Кіріс» жәшігінде болмаса, «Спам» жәшігін тексеру қажет.



The screenshot shows a web page with a light blue header. On the left is the logo of the National Testing Center (ҰЛТ), and on the right is the text 'ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ' and a 'KZ' icon. The main content area has the heading 'Электронды мекен-жайыңызды енгізіңіз' and a text input field labeled '*пошталық жазыңыз'. Below the input field is a link: 'ЖСІ арқылы парольді қалпына келтіріңіз'. At the bottom of the form is a blue button labeled 'Қалпына келтіру'. The footer contains the copyright notice '© УТО 2021'.

8-сурет. Құпия сөзді ұмытқан жағдайда ашылатын терезе

Басты бет

Қосымшаның басты бетінде (9-сурет) орналасқан ақпарат:

- Ұлттық тестілеу орталығының атауы мен логотипі;
- Интерфейс тілін ауыстыру батырмасы;
- Парақшаның сол жағында басты мәзір: Менің парақшам, Өтініш беру, Менің іс-әрекетім, Шығу.

Профиль

МЕН ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

НЫҒАТАЕВА ЕҢЛІК ЖАМАНТАЙҚЫЗЫ

Байланыс телефоны + ЖСН 910701450747

[Өңдеу](#)

Қауіпсіздік

Электронды мекен-жай enlik-n@yandex.kz

Құпия сөз [Құпия сөзді өзгерту](#)

Ақпарат

Қағидалардың 4-тармағына сәйкес көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар және мүгедектер үшін көмекшінің қажеттілігі туралы Ұлттық тестілеу орталығы директорының атына өтінішті info@testcenter.kz пошталына жіберу қажет.

Төлем жасамас бұрын алдымен тестілеуге қатысуға өтініш беру қажет, елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты орындар саны шектеулі, алдын-ала төлем жасау сізге тестілеу орнына келіптік бермейді (бұл ақпарат тек ақылы тестілеуге қатысты)

Тестіленушілердің мәліметтеріне өзгерістер енгізу тестілеу аяқталғанға дейін ғана жүргізіледі.

Байланыс үшін

Тестілеуді ұйымдастыру бойынша сұрақтар : 8 (7172) 69 52 80, 8 (7172) 69 52 87, 8 (7172) 69 52 74
 Веб-қосымшаның жұмысы бойынша : 8 (7172) 97 81 85, 8 (7172) 69 50 62, 8 (7172) 69 50 67
 Төлем бойынша сұрақтарыңыз болған жағдайда : [Аймақтардың байланыс телефондары келесі сілтемеле](#)
 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (СЭС) талаптары бойынша тестілеу орындарының 50% ғана толтырылады

[Нұсқаулық](#)

9-сурет. Басты бет

Менің парақшам

Парақша келесі деректерден тұрады:

Мен жайлы мәліметтер

- Тестіленушінің аты-жөні;
- Байланыс телефоны;
- ЖСН;

Қауіпсіздік


- Электронды мекен-жай және мекен-жайды өңдеу батырмасы (мекен-жайды өзгерту үшін ағымдағы мекен-жай мен құпия сөзді енгізу қажет);
- Құпия сөз және құпия сөзді өңдеу сілтемесі (құпия сөзді өзгерту үшін сілтеме арқылы өтіп ағымдағы құпия сөз, жаңа құпия сөз және жаңа құпия сөзді қайталап енгізу қажет. Егер құпия сөзді ұмытқан болсаңыз, нұсқаулықта жоғарыда көрсетілген ақпаратты оқыңыз);

Назар аударыңыз! «Ақпарат» бөлімінде орналасқан қызыл әріпті жазбалармен мұқият танысыңыз. Тестілеуді ұйымдастыру және веб-қосымша жұмысына

байланысты сұрақтар туындаған жағдайда ,«Байланыс үшін» бөлімінде көрсетілген нөмірлерге хабарласуыңызға болады.


Өтініш беру

Ұлттық бірыңғай тестілеуіне қатысуға өтініш беру үшін «Өтініш беру» бөліміне өту қажет.



10-сурет. Тестілеу түрін таңдау

Тестілеу түрін «Ұлттық бірыңғай тестілеу» деп (10-сурет) таңдап, тестіленуші санатын таңдау қажет (11-сурет).



11-сурет. Тестіленуші санаты

Өтініш беру үш қадамнан тұрады: тестіленуші жайлы деректерді толтыру, төлем жасау және өтініш мәртебесін бақылау.

1. ДЕРЕКТЕРДІ ТОЛТЫРУ

2. ТӨЛЕМ ЖАСАУ

3. ӨТІНІШ БЕРІЛДІ

ҰБТ-ФА (НАУРЫЗ) ӨТІНІШ БЕРУ ҮШІН ДЕРЕКТЕРДІ ТОЛТЫРЫҢЫЗ:

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР

ЖСН	910701450747
Тегі	НЫҒАТАЕВА
Аты	ЕҢЛІК
Әкесінің аты	ЖАМАНТАЙҚЫЗЫ
Электронды мекен-жайыңыз	enlik-n@yandex.ru
Азаматтығы	Қазақстан
Ұлты	Қазақ
Жынысы	<input type="radio"/> Ер <input checked="" type="radio"/> Әйел
Байланыс телефоны	+7 (000) 000-00-00
Ағылшын тілінен халықаралық сертификаты	(жоқ) Балл: 0

ОҚУ ОРНЫ:

Оқу орны:	Қарағанды Жаңаарқа СШ им.Ю.А.Гагарина
-----------	---

ТЕСТІЛЕУ ПАРАМЕТРЛЕРІ:

Бейіндік пәндерді таңдаңыз:	Математика - Физика
Тест тапсыру тілін таңдаңыз:	қазақша
Тест тапсыру орынын таңдаңыз:	Алматы 2 - Райымбек, 196
Тест тапсыру уақытын таңдаңыз:	01.01.2022 09:00

Өтініш бере отырып келесі ережелермен келісемін
 Келісемін

Өтініш беру

12-сурет. Деректерді толтыру

Бірінші қадам, деректерді толтыру, келесі өрістерді толтырудан тұрады (12-сурет).

Жеке мәліметтер:

- Азаматтығы;
- Ұлты;
- Жынысы;
- Байланыс нөмірі;
- Ағылшын тілінен халықаралық сертификат, балл (болған жағдайда);

Оқу орны:

- Мектебі (облыс, аудан, атауы);

Тестілеу параметрлері:

- Бейінді пәндерді таңдау (пәндер жұбын);
- Тест тапсыру тілі;
- Тест тапсыру орны;
- Тест тапсыру уақыты;
- Тестілеу шарттарына келісім беру.

Тестіленуші барлық мәліметті енгізгеннен кейін тестілеу барысының ережесімен міндетті түрде танысып келісімін беруі қажет және «Өтініш беру» батырмасын басу арқылы бірінші қадамды аяқтайды.

Тестіленушінің өтініші «Менің іс-әрекетім» парақшасында орналасады (13-сурет) және өтініште қандай да бір қате ақпарат енгізілген жағдайда немесе өзгерген жағдайда «Өтінішті өңдеу» батырмасы арқылы өтінішін жаңарта алады.

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

История заявлений

ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ТЕСТІЛЕУ ЗАВЕРШИЛ ТЕСТИРОВАНИЕ

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі
 ЖСН : 980130451467
 Аты-жөні, тегі : СЕЙТБАТТАЛ ДАЙАНА НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ
 Санатқа үміткермін: Педагог-модератор
 Тест тапсыру уақыты: 25.11.2020 15:00
 Тест тапсыру орны: Көкшетау - Ақан-Сере 24

Пән	Тестілеуден жинаған ұпайы	Апелляциядан иеленген ұпайы	Пән бойынша ұпайы
Арнайы пән (педагогтар)(қаз) - (2000000)	45	0	45
Педагогика	17	0	17
Барлығы			62

[Сертификатты тексеру](#) [Өтінішті өңдеу](#)

ҰЛТТЫҚ БІРІҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ОЖИДАЕТСЯ ОПЛАТА ЗА ПРОХОЖДЕНИЕ ТЕСТИРОВАНИЯ


Тестирование в марте по 5 предметам
 ЖСН : 910701450747
 Аты-жөні, тегі : НЫҒАТАЕВА ЕҢЛІК ЖАМАНТАЙҚЫЗЫ
 Ағылшын тілінің сертификаты : (жоқ)
 Тест тапсыру уақыты: 01.01.2022 09:00
 Тест тапсыру орны: Алматы 2 - Райымбек, 196

№	Тапсыру пәнінің тілі	Пән
1	қазақша	Қазақстан тарихы
2	қазақша	Оқу сауаттылығы
3	қазақша	Математикалық сауаттылық
4	қазақша	Математика
5	қазақша	Физика

[Төлем жасау](#) [Өтінішті өңдеу](#) [Өтінішті жою](#)

13-сурет. Менің іс-әрекетім парағы

«Өтінішті жою» батырмасы арқылы тестіленуші тест тапсырудан бас тартқан жағдайда өтінішті жоя алады (14-сурет).




14-сурет. Өтінішті жоюды растау


Екінші қадам, өтініш дұрыс берілген жағдайда тестілеуге қатысу үшін төлем жасау. «Төлем жасау» батырмасы арқылы тестіленуші келесі парақшадан төлем түрін таңдайды (15-сурет).

1. Касрі қосымшасы (15-сурет)
2. Онлайн режимінде төлем (16-сурет)

Төлемдер бойынша іс-әрекеттер әр төлем терезесінде толық көрсетілген және төлем сәтті аяқталған жағдайда төлем терезесінде көрсетілген «Тапсырыс мәртебесі» (төлем жасалды мәртебесіне) өзгеруі қажет. Өтініштің мәртебесі төлем жасалғаннан кейін «Тіркелді» мәртебесіне ауысуы, өтініш беру толық аяқталғанын, яғни өтінішіңіздің қабылданғанын білдіреді.



15-сурет. Төлем түрін таңдау (Касрі қосымшасы арқылы төлем жасау формасы)



16-сурет. Төлем түрін таңдау (онлайн режимінде төлем жасау формасы)